

Мергембаев Д. А., Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны

ҰСТАЗЫМ ДЕП ШЕКСІЗ АРДАҚТАЙМЫН ЖӘНЕ АРДАҚТАП ӨТЕМІН

Ұстаз, шәкірт сөздері — біздің халқымызда өте қадірменді, қастерлі ұғым. Олар білімділік, әдептілік, көргенділік, кішіпейілділік, даналық, парасаттылық мағынасында түсініліп, қабылданып келеді. Ұстаздық пен шәкірттік — адам баласы арақатынастарының ең бір абзал әрі мағыналы, мәнді түрі.

Адам баласының өзінің ұзақ тарихында жасаған рухани, мәдени қазынасы, қымбатқа түскен тәжірибесі, соның ішінде көргенділік деп аталатын адамгершілік, тәлімгерлік тағылымдары ұрпақтан ұрпаққа осы ұстаздық-шәкірттік үрдісі арқылы беріліп, жалғасын тауып жатады.

Ұлағаты мол ұстаз Роза Балбатырқызы да өзінің өмірлік жолында адамдардың өмірге көзқарасын, сенімін қалыптастырған, оларға өмірден өз жолын дұрыс таба білуге көмектескен, айналасына білім-тәрбие ұрығын шашып, адамгершілік нұрын төге білген қоғам қайраткері, ойшыл тұлға ретінде танытып кетті. Ол кісіні жеке адамдардың өмірі дұрыс бағытта дамып, көркеюіне себепші бола білген, олардың тағдырында шапағатты із қалдырған өмір тәжірибесі мол әрі дана адам деп айтамыз, және айтып өтеміз.

Роза апайымның үздік қасиетінің, яғни шын мәніндегі үлкен абырой-беделін шәкірті болып мойындай отырып, сол әсерге міндеттеусіз, зорлаусыз өз ерік — қалауымызбен берілдік, еліктедік.

Адам өзінің айрықша сыйлайтын, сенетін, тәнті болып, мақтан тұтатын кісісінің айтқанын екі етпейді, тапсырмасын ауырсынбайды, оны шын пейілі, ықыласымен, бар ынтасымен және шабытпен орындап отыратыны анық.

Ұстаздық пен шәкірт ұғымын бірінің екіншісіне үйретуі, екіншісінің үйреткенді ынта қойып, біліп алатын, яғни ғалымның іліміне ие болатын, мұрагер ғана емес, ілгері жалғастырып, дамытушы ретінде анықталатыны сөзсіз.

Бірде Роза апайым мені шақырып алып өзінің сонау кеңестік заманда заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғаған «Социалистік даму кезеңіндегі құқықтық тәрбие» атты диссертациялық зерттеу тақырыбын жаңа заман талабына сай етіп зерттеп, жалғастыруды ұсынды. Бұл ұсынысқа мен шынайы мейірленіп, қуана келістім...

Аталған ғылыми зерттеу жұмысын жоспарлауда ұстазым Роза Балбатырқызы бағыт-бағдарын, ақыл-кеңесін айтқан еді. Сондықтан апамыздың еңбегін жаңа заман талабына сай етіп зерттеп, жалғастыруды аманат деп білемін.

Жеке өзім Роза Балбатырқызын, бойымнан ғылымға, білімге деген үйрену құмарлығын оята білген, өмір сүрудің шынайы мәнін ұғындырған, тіршілігімді мағыналы, мәнді еткен үлкен ұстазым деп мақтан тұтамын. Роза апайымның ғылым жолындағы берген бағытына, тәлім-тәрбиесіне, азамат болып шындалып өсуіме себепші болғанына алғысым шексіз. Мен ол кісіге өмір бойы қарыздармын және қарыздар болып өтемін.

Қадірлі, асыл ұстазым Роза Балбатырқызын шексіз құрметтеп, аруағын ардақтап, тәні рахатта, жаны жәннатта болсын деп дұға етемін.

